

Бақтыбеков М.Б.¹, Матаева М.Х.¹, Остапович И.Ю.²

¹*Alikhan Bokeikhan University*

¹*Қазақстан, Семей.*

²*В.Ф.Яковлева атындағы Урал Мемлекеттік Заң Университеті*

¹*Ресей Федерациясы. Екатеринбург*

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР: (КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Аннотация. Бұл ғылыми мақала ҚР Конституциялық Сотының адам құқықтары мен құқықтық мәселелерді анықтауына арналған. Зерттеу барысында Конституциялық соттың соңғы конституциялық реформа барысында адам құқықтарын қорғау мен заңнаманы жетілдіру және Конституцияны тікелей қолдану тәжірибесін талдауға басымдық беріледі. Әсіресе азаматтардың қылмыстық процестік Кодекс аясында жеке бас бостандығының шектелуі конституциялық құқық теориясы тұрғысынан талданады. ҚР ҚПК 152-бабының 6-бөлігінің негіздері мен 296-баптың 3-бөлігіндегі мазмұнның Конституцияның 16-бабындағы азаматтың құқықтарымен үйлесуі бойынша талдау жасалып, құқықшығармашылық, құқықтүсіну, құқыққолдану бойынша маңызды ойлар жинақталды. ҚР Конституциялық Соттың осы нормалар бойынша нормативті қаулысы талданып, оның мазмұны мен қолданысын арттыру бойынша ұсыныстар берілді. Сонымен қатар РФ Конституциялық Сотының осы мазмұндағы қаулысына салыстыру жасаумен азаматты қамауда ұстау мерзімдері бойынша ұқсастықтар мен ерекшеліктері ұсынылды.

Түйін сөздер: Конституциялық Сот, Конституция үстемдігі, нормативті қаулы, адам құқығы, қамау, мерзімдер, тергеу судьясы, іспен танысу.

Baktybekov M.B.¹, Mataeva M.Kh.¹, Ostapovich I.Yu.²

¹*Alikhan Bokeikhan University*

Kazakhstan, Semey

²*Ural State Law University named after V.F. Yakovlev*

²*Russian Federation, Yekaterinburg*

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

CURRENT ISSUES IN THE PROTECTION OF CITIZENS' CONSTITUTIONAL RIGHTS: (BASED ON THE PRACTICE OF THE CONSTITUTIONAL COURT)

Abstract. This scientific article is devoted to the analysis of the activities of the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan in identifying and ensuring the protection of human rights and legal issues. The study emphasizes the practice of the Constitutional Court during the latest constitutional reform, aimed at protecting human rights, improving legislation, and the direct application of the Constitution. Particular attention is paid to the analysis of restrictions on personal liberty of citizens within the framework of the Criminal Procedure Code from the standpoint of constitutional law theory. The correlation between Part 6 of Article 152 and Part 3 of Article 296 of the CPC of the Republic of Kazakhstan and the rights of citizens enshrined in Article 16 of the Constitution is examined. Conclusions are drawn on lawmaking, legal understanding, and law enforcement. The normative ruling of the Constitutional Court of the Republic of Kazakhstan on these provisions is analyzed, with recommendations made to enhance its effectiveness and applicability. In addition, a comparative analysis with a ruling of the Constitutional Court of the Russian Federation of similar content is conducted, identifying similarities and differences in the regulation of terms of detention of citizens.

Keywords: Constitutional Court, supremacy of the Constitution, normative ruling, human rights, detention, terms, investigating judge, case familiarization.

Бактыбеков М.Б.¹, Матаева М.Х.¹, Остапович И.Ю.²

¹*Alikhan Bokeikhan University*

¹*Казахстан, Семей.*

²*Уральский государственный юридический университет имени В.Ф.Яковлева*

²*Российская Федерация, Екатеринбург*

(e-mail: mukhtar-79@mail.ru)

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЗАЩИТЫ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРАВ ГРАЖДАН: (НА ОСНОВЕ ПРАКТИКИ КОНСТИТУЦИОННОГО СУДА)

Аннотация. Данная научная статья посвящена анализу деятельности Конституционного Суда Республики Казахстан по выявлению и обеспечению защиты прав человека и правовых вопросов. В ходе исследования акцент сделан на практике Конституционного Суда в условиях последней конституционной реформы, направленной на защиту прав человека, совершенствование законодательства и прямое применение Конституции. Особое внимание уделено анализу ограничения личной свободы граждан в рамках Уголовно-процессуального кодекса с точки зрения теории конституционного права. Рассматривается соотношение положений части 6 статьи 152 и части 3 статьи 296 УПК РК с правами граждан, закреплёнными в статье 16 Конституции. Сформулированы выводы по вопросам правотворчества, правопонимания и правоприменения. Проанализировано нормативное постановление Конституционного Суда РК по данным нормам, даны рекомендации по повышению его эффективности и применимости. Кроме того, проведено сравнительное исследование с постановлением Конституционного Суда РФ схожего содержания, выявлены сходства и различия в регулировании сроков содержания граждан под стражей.

Ключевые слова: Конституционный Суд, верховенство Конституции, нормативное постановление, права человека, арест, сроки, следственный судья, ознакомление с делом.

Кіріспе. Мемлекет дамуы Конституцияда анықталған құндылықтарға негізделеді. Мемлекет, азамат, қоғам үшін өзара байланысты құрудың басты құндылықтарын негізгі заң айқындайды. Ол құндылықтар адам құқықтарының танылуы мен қорғалуы, демократиялық және құқықтық мемлекет, халық билігі, экономиканың халық игілігі үшін дамуы, т.с.с. «Конституция әлемдік заң ғылымының жетістіктерін қабылдап, ұлттық дамудың басымдықтарын анықтап, жаңа мемлекет нысанын құрудың құқықтық, саяси, экономикалық алғышарттарын бекітті.» [1, 13 б.].

2022 жылғы конституциялық реформа жаңа кезеңдегі Қазақстанның алдында тұрған мәселелерін шешу мен дамуын айқындады. Конституцияға енгізілген өзгерістер мемлекеттік билікті ұйымдастыру мен адам құқықтарын қорғау жүйесін арттыруға басымдық берді.

Конституцияның үстемдігі мен тікелей қолданылуы маңызды сұрақтардың бірі. Ол тек жазылған әріптер ғана емес, оның мазмұнындағы идеяларды қоғамда

бекіту, таныту мен жүзеге асыру қажырлы күшті қажет етеді. Конституцияның формальды болуы, оның нормаларының өз мәнінде қолданылмауы, немесе конституциялық тәжірибеде олардың бұзылуы конституциялық қатынастардың дамуына кедергі келтіреді. «Қазіргі әлеуметтік, технологиялық, геосаяси сын-қатерлерде конституциялық нормаларды сақтау қажет. Конституциялық заңдылық – бұл құқық қана емес, міндет те болады. Олардың қатарында құқықтар мен бостандықтарға құрмет пен қоғамдық игілік арасындағы теңгерім болады, мемлекеттік билік үшін- тепе теңдік тежелік жүйесі мен жауапты қарым қатынас. Әрбір құқықтың артында жауапкершілік тұр: мемлекеттік- ол қамтамасыз ету, жеке тұлғалық- сақтау деген. Сондықтан Конституцияның үстемдігі, әділдік, есеп беру қағидаларын Президент Қ.К.Тоқаев «Заң және Тәртіп» формуласымен бекітеді.» [2] Бұл мәселені айқындау күрделі процесстерден тұрады. Ол конституциялық нормалар мен ережелердің заңдарда жеткілікті

анықталуы, атқару билігінде іске асуы, сот билігінде қорғалуы, конституциялық төрелікте дұрыс позициясын табуы.

2022 жылғы конституциялық реформадағы басты бағыттардың бірі Конституциялық Соттың ролін күшейту. Ол мемлекеттегі конституциялық бақылау институтының мәні мен маңызын арттырып, биліктің құқықпен шектелуін, құқық үстемдігін, адам құқықтарының қорғалуымен аталған институттың қызметіне жаңа серпін бермек. Конституциялық бақылау мен юстиция Конституцияны қорғау мен үстемдігін бекітуде маңызды өкілеттеітерге ие. Оның потенциалын дұрыс пайдалану адам құқықтары мен билік тармақтарына байланысты сұрақтарды ғылыми (доктриналды) негізде ашуға мүмкіндік береді, құқықтық жүйе үшін ортақ құқықтық позицияларды қалыптастырмақ. Конституция мен оның ережелерін қорғау мен қолданудың дұрыс тәжірибесін анықтау мемлекеттің конституциялық дамуының кепілі.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында ғылыми талдау үшін қажетті әртүрлі әдістер қолданылды. Нәтижесінде объективті ақпараттар алынып, қазіргі Қазақстандағы конституциялық бақылаудың жағдайы бойынша тұжырымдар жасалды, конституциялық реформа аясында жаңадан құрылған Конституциялық Соттың тәжірибесі көрсетіліп, ұсыныстар берілді. Формальды логикалық әдіс арқылы Конституциялық соттың тиімді және жетілдіруді қажет ететін мәселелері анықталып, анализ арқылы құқықтық қатынастарға талдау жасалып, синтез арқылы ортақ жағдайы мен қазіргі дамуы тұжырымдалды. Салыстыру әдісімен өзге елдердегі құқықтық тәжірибелер қаралды.

Зерттеу нәтижелері. Конституциялық Кеңес 1995 жылдан 2022 жылға дейін қызмет етті. Оның қоғамдағы және мемлекеттің билік жүйесіндегі атқарған қызметі бойынша әртүрлі баға беріледі. Дегенмен, өз қызметі барысында 200 дей нормативті қаулы шығарып, мемлекеттің дамуында Конституцияның үстемдігі мен қорғалуын қамтамасыз етті.

2023 ж. қызметін бастаған Конституциялық Сот бұрынғы қалыптасқан тәжірибелерін жалғастырумен бірге, азаматтардың тікелей жүгінуімен қызметін белсенді етті. Бұрынғы субъектілерден бөлек, азаматтар, Бас Прокурор және адам құқықтары бойынша Өкілдің өтініштерін қарай алды. Бүгінгі күнге дейін 11 мыңнан аса өтініштерді қараған, оның көп мөлшері Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық атқару, Өкімшілік рәсімдік процестік, Салықтық, Азаматтық, Азаматтық процестік, Жер және Әлеуметтік Кодекстер бойынша. Бұл азаматтардың сапалы заң қабылдау мен құқыққолдану тәжірибесі арқылы талқылауға қатысу сұранысын көрсетсе, түсіндіруге деген сұраныстары заңнама нормаларының құқықтық анықтылығы мен бірдей түсінуге деген жұмыстардың күшейуін қажет етеді.

«Конституциялық Сот «негативті заңшығарушы» ретінде нормативті актілердегі конституциялық емес нормаларды анықтап, күшін жояды, «позитивті заңшығарушы» ретінде заңшығарушыға өзінің құқықтық ұстанымдарын ұсынады. Онда конституция нормаларын ресми түсіндірумен міндетті және нақтыланған тұжырымдар беріп, құқықтық прецеденттер қалыптастырады.» [3] Заң ғылымдарының докторы, Конституциялық Соттың судьясы С.Ф.Ударцов, құқықтық мемлекет үшін заңнаманың құқықтық мазмұны мен әділдікті қамтамасыз етуі-деп. Әділдік дегеніміз азаматтардың теңдігі, негізгі игіліктердің тең бөлінуі, жеңілдіктер мен дифференциацияның қоғам мен мемлекет алдындағы сіңірген еңбегіне сай берілуі, қоғамның әлеуметтік әлсіз топтарын қорғау, құқықты теріс пайдалану мен дискриминацияға жол бермеуін көрсетеді.

Бүгінде Конституциялық Сот заңшығару мен құқыққолдануда әділдікті бекітуде белсенді жұмыстарды жүргізуде. Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау бойынша заңнамаларға нақтылау жасап, олардың конституцияға сәйкестігін қарауда.

Азаматтардың жеке басының бостандығына байланысты

Конституцияның 16-бабында жазылған құқықтарды қорғауда бірнеше маңызды түсіндірмелер берді. Азаматтардың бостандығы тек заңда көзделген негіздер мен соттың санкциясымен шектеліп, тұтқындалады. Өзге жағдайларда бұған жол берілмейді, бұл адамның ең маңызды құқықтарының бірі болады. Алайда Конституциялық Сотқа шағымданушының пайымы бойынша ҚР Қылмыстық процесілік Кодексінің 152-бабының 6-бөлігінің негіздері бойынша, оны құқықтары бұзылып отырғаны, және осы норманың Конституцияға қайшы екендігі дауланған. Бұл норма азаматты сотқа дейін тергеп-тексеру аяқталса да, қорғаушы мен өзге іске қатысушылардың іспен танысуына байланысты, оны бір жылдан астам күзетпен ұстаудың жалғаса беруіне негіз болғаны көрсетіледі. Бұл жағдай азаматтың конституциялық құқығын бұзып отыр деген уәж айтылады. Аталған нормада азаматты тергеп-тексеру аяқталса да, іспен танысудың шекті мерзмі белгіленбегендіктен, қамаудың ұзаққа созылуы оның құқықтарын бұзатыны көрсетіледі.

Жалпы бұл норма бойынша тергеп-тексеру аяқталған соң, соттың санкциясымен күдікті (айыпталушы) ретінде азаматты ұстау сотқа дейінгі қатысушылардың, әсіресе айыпталушылар мен қорғаушылардың, іс материалдарымен танысып, қателіктерін қарастырып, басты сот талқысына дайындалу үшін берілетін мүмкіндік деп қарастырылады. Сондықтан бұл норма жалпы негізі бойынша конституцияға қайшы емес деп танылып отыр.

Дегенмен, Конституциялық Сот күдіктіні сотқа дейінгі тергеп-тексеру уақытында қамауды ұстау уақыты мен оның іс материалдарымен танысудағы қамауда болуы уақыттарының дұрыс үйлеспеуі және аталған әрекеттерді реттейтін ҚР Қылмыстық процесілік Кодекстің нормаларының жеткіліксіз болуы, құқыққолдану тәжірибесінде азаматтың бас бостандығы мен еркіндігін шектейтін орынсыз жағдайларға әкелетінін көрсетіп отыр. Сондықтан заң шығарушыға ҚПК 152-бабы 6-бөлігіндегі және 296-

баптың 3-бөлігіндегі мазмұнды үйлестіру (нақтылау) керектігі ұсынылды.

Бірақ өкінішке орай, Конституциялық Соттың бұл позициясы заңнама мен құқықтық нормалармен түзетілгенше біраз уақыт керек. Нәтижесінде, азамат іске қатысты өзге органдардың іс материалдарымен танысып біткенше, қамауда отыруына міндетті.

Конституциялық Сот бұл мәселе бойынша жақсы құқықтық позиция беріп отыр. Бірақ ол Заңшығарушы орган болмағандықтан, айқындаушы нормаларды дайындау мен қабылдау Үкіметтің және Парламенттің құзырында, Конституциялық Сот билік тармақтарындағы бөліністі сақтау мақсатында өзге билік тармақтарына араласпайды. Бұл жерде тергеу судьяларының өкілеттігі шегінде, соттар Конституциялық Соттың осы қаулысын негізге ала отырып, заң нормасы шыққанша, күдіктінің конституциялық құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету керек. Конституциялық Соттың қаулысы құқықтың қайнар көзі ретінде заң нормасы шыққанша соттөрелігіне негіз болып, соттық құқықты қалыптастырады. Сонымен қатар азаматтың конституциялық құқықтары қорғалады. Конституциялық Соттың қаулысы арқылы позитивті құқықтағы табиғи құқықтың теориясы ашылып, адам құқықтарының шектелуінің алдын алынып отыр. Екінші жағынан, заң нормасы шыққанша азаматтардың (күдіктілердің) конституциялық құқықтарының тиімді, уақтылы қорғауын қамтамасыз етеді.

Тергеудің өзге қатысушыларының «іс материалдарымен танысу кестесін анықтау кезінде күзетпен ұсталып отырған күдіктінің пікірін анықтау арқылы түзету талап етілетіні»[4] анықталған. Сондықтан прокурор мен тергеу соттары бұл жерде, жақсы құқықтық тәжірибе қалыптастыру керек. Қажет болса, Жоғарғы Соттың нормативті қаулысымен айқындаса, бұл сот жүйесіндегі бір ізділікті қамтамасыз етеді және заң нормасы қабылданғанша конституциялық құқықтарды қорғайды, түсінікті тәжірибені қалыптастырады.

Ресейлік заңнаманың ҚПК 217-бабы айыпталушы мен оның қорғаушысының

қылмыстық іс материалдарымен танысуын бекітеді. Онда бұл тұлғалар іс материалдарын танысуды қасақана созатын болса, сот шешімімен материалдармен танысудың мерзімі анықталады. Бұл қазақстандық заңнамада жазылғандай, тек аталған тұлғалардың ғана іспен танысуды созу жағдайымен шектеледі. Ал тергеу кезінде өзге де қатысушылардың іспен танысу мерзімдерін анықтау белгісіз күйде қалуда. Бұл мәселеге қатысты, өзге қатысушылардың іспен танысу мерзімдерінің айқындалмауынан, айыпталушының қамауда ұзақ отыруынан еркіндігі шектелуі мүмкін. Бұл мәселе азаматтың Конституциялық Сотқа жүгінуіне негіз болып отыр.

РФ ҚПК 109-бабы азаматты қамауда ұстау мерзімдерін анықтайды. Осы баптың 6-бөлігінде «Егер алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін қылмыстық іс материалдары айыпталушыға және оның қорғаушысына қамауда ұстаудың шекті мерзімі аяқталғанға дейін 30 тәуліктен кешіктірілмей ұсынылмаса, онда бұл мерзім біткен соң айыпталушы дереу босатылуға тиіс. Сонымен бірге, айыпталушы мен оның қорғаушысының қылмыстық іс материалдарымен танысу құқығы сақталады.»[5] -деп, оның қамау мерзімі аяқталған соң дереу босатылатыны айтылған. Осы баптың 7-бөлігі айыпталушы мен қорғаушының іс материалдарымен танысып үлгермеуіне байланысты қамауда ұстаудың мерзімін ұзартуды көздесе, 8-бөлігі тергеу органдарының процестік әрекеттердің негіздерін көрсете отырып ұзартуды қарастырады. Барлық мерзімдерді ұзарту бойынша сот шешім қабылдайды.

Қазақстандық практикада азаматтың аталған мәселе бойынша конституциялық бақылауға жүгінуі (Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 74-НҚ нормативтік қаулысы.) оның негізсіз қамалуына байланысты заңнамалық анықтауды қажет етіп отыр. Бұл жерде мына жағдайларды анықтап алуы керек:

1. Тергеу аяқталғаннан кейін азаматты (айыпталушыны, күдіктіні) ұстау тек іс материалдарымен оның және

адвокатының танысуы үшін берілетін уақыт болып табылады. Бұл азаматтың сот отырысына және тергеу мәліметтерімен жеткілікті танысып, дайындалу үшін берілетін мүмкіндік. Егер олар танысып үлгермей жатса, сот арқылы мерзім созылады. Бұдан кейін іс сотқа жолданады немесе жауаптылық негіздері болмаса іс тоқтатылып, қамаудан босатылады.

2. Тергеу органдары тарапынан істің күрделілігі мен жағдайы ескеріле отырып, мерзім ұзартылады. Бұл азаматқа қатысты сотқа дейінгі тергеу әрекетінің мерзімін қамтиды және мерзімдерді ұзартуға қатысты процестік нормалармен айқын көрсетілген. Ресейлік заңнамада прокурордың іспен танысуы кезіндегі уақыт сотқа дейінгі тергеу мерзіміне кіреді. (РФ ҚПК 109-бабы 9-бөлігі). Қазақстандық ҚПК 152-бабы 7-бөлігі 2-абзацында прокурордың іспен танысуын айыпталушы мен қорғаушының іспен танысу мерзімдерімен бірге қарастырады, ал бұл жерде мерзімдер тергеу сотымен анықталады. Ал бұл прокурор мен өзге де қатысушылардың (істің күрделілігіне байланысты) іспен танысуын созуы мүмкін, сондықтан тергеу соты тарапынан күдікті мен қорғаушы үшін ғана емес, процестің өзге де қатысушылары (іспен танысушылары) үшін графикті белгілеу мүмкіндігін енгізу керек, ҚПК нақты нормалар түрінде көрініс табу керек.

3. Азаматтың ҚР Конституциялық Сотына жүгінудегі мәселе іспен танысу кезінде, қамауда ұстау мерзіміне кірмейтін, азаматтың бас бостандығының шектелуі, оған себеп айыпталушыдан бөлек өзге процеске қатысушылардың тарапынан танысудың созылуына байланысты қамауда отыруы.

Бұл жерде сот мерзімдердің созылу себептерін айқындап, тергеуші немесе прокурор бекіткен танысу графикін анықтап, азаматтың негізсіз қамалуына байланысты конституциялық құқығын қорғау керек. Соттың бұл әрекетін үшін Конституциялық Соттың қаулысы мен құқықтық позициялары негізге алыну керек.

4. Жалпы құқықтық практика осы мәселе бойынша мерзімдерді

айқындауда дұрыс практиканы көрсетеді. РФ ҚПК 109-бабы 9-бөлігі сотқа дейінгі өндірістің барлық кезеңдерін, оның ішінде тергеу әрекеттерін жүргізу мен прокурордың іспен танысу мерзімдерін бірге қарастырады. Бұл тергеу органдары мен прокуратура тарыпынан істі жүргізу мен танысуды қоса алғандағы мерзімдерді қамтиды, бұл азаматты қамауда ұстау мерзімін айқындауға мүмкіндік береді. Сондықтан тергеу органдары мен прокуратураның барлық әрекеті азаматты қамауда ұстау мен созу мерзімінің ішінде орындалуы керек. Біздің ойымызша, осы процестік реттеу құқыққолдану тәжірибесі мен органдардың қызметінде сақталу керек. Сол кезде мемлекеттік органдар тарапынан істің созылуына, азаматтың тергеу аяқталса да негізсіз қамалуына жол берілмейді және тергеу органдарының жұмысы заңдық тәртіпке келеді.

5. РФ заңнамасы қамауда ұстау мерзімдерін ұзартуға байланысты мәселе туындағанда 2015 жылғы 16 шілде № 23-П РФ Конституциялық Сотының РФ Қылмыстық-процестік кодексінің 109-бабының үшінші – жетінші бөліктерінің және 237-бабының үшінші бөлігінің конституциялылығын азамат С.В. Махиннің шағымына байланысты тексеру ісі жөнінде Қаулысында мерзімдерді ұзартудың конституцияға сәйкестігі көрсетілген. Бұл жерде ең бастысы қамау мерзімін созуда сот «ақылға қонымды мерзімді» [6] анықтау керектігі көрсетіледі. Бірақ бұл сотқа дейінгі тергеу кезінде органдардың әрекетінен қамауда ұстау мерзімдерін қамтиды.

Қазақстандық тәжірибеде азаматқа қатысты тергеу аяқталған соң, қамауда ұстау мерзіміне кірмейтін жағдайда іспен танысуда бас бостандығының шектелуі Сот арқылы «ақылға қонымды мерзімді» анықтауымен шешілу керек. Бұл мәселе іске қатысушы өзге де танысушыларды қамтуы керек, және істің күрделігіне байланысты нақты графиктерімен тергеу судясы тарапынан анықталуы керек.

Сонымен қатар, ҚР Конституциялық Сотының шешімдерінде мынаны ескеру керек. РФ Конституциялық Сотының шешімінде ҚПК нормаларының

конституцияға сәйкестігін даулауда, нақты азаматтардың істері бойынша қарар бөлімінде жалпы талдау жақсы жасалып, құқықтық тәжірибе үшін құқықтық прецедентті қалыптастырады, бұл органдар мен соттардың конституциялық нормалардың нақты жағдайдағы қолданысы бойынша құқықтүсінуді қалыптастырып, құқықтық тәжірибенің негіздерін дамытады. Бұл органдар үшін Конституциялық Соттың шешімдерінің құқықтық қайнар көзі ретінде қолданылуына мүмкіндік береді. Тағы бір ерекше мәселе, азаматтардың істері бойынша Конституциялық Соттың шығарған құқықтық позициясы негізінде Соттар мен жалпы құқықтық практика үшін нақты іс шешіледі және өтініш беруші азаматтарға қатысты мәселе қаулы шығару бөлімінде нақты айтылады. Мысалы, «Азаматша Александрина Ольга Сергеевнаға және азамат Ващенко Евгений Юрьевичке қатысты, сондай-ақ осы іс бойынша өтініш берушілер – азамат Александрин Сергей Иванович пен Ващенко Юрий Федоровичке қатысты қабылданған құқық қолдану шешімдері осы Қаулыны ескере отырып, белгіленген тәртіппен қайта қаралуға жатады.» [7] Бұл Конституциялық бақылаудың анық, азаматтармен тікелей байланысты болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан бұл мәселе қазақстандық тәжірибеде кеңінен ескерілгені дұрыс.

Қорытынды. ҚР Конституциялық Сотының азаматтардың өтінімдері бойынша іс қарауы адам құқықтары бойынша теория мен заңнаманы жетілдіруге үлкен үлес қосуда. Бұл «адамға бағытталған» жүйені дамытудағы жақсы құқықтық тетік. Сонымен қатар Конституциялық Соттың қызметі қазақстандық заңнаманың олқылықтарын жете қарауға мүмкіндік беріп, табиғи құқық пен позитивті құқықтың дұрыс балансын орнатады.

ҚР Конституциялық Сотының шешімдері адам құқықтарына қатысты маңызды доктринаны дамытып, құқықтүсінуді мен құқыққолдану үшін заманауи ережелерді қалыптастырып «шынайы соттық конституционализмді»

орнатуда. Құқықтық тәжірибені дұрыс бағытқа коррективтік жасайды.

ҚР Конституцияның 16-бабындағы азаматтың бас бостандығына қатысты ҚР Қылмыстық процесстік Кодексінің 152-бабының 6-бөлігінің және 296-баптың 3-бөлігіндегі мазмұнды үйлестіру (нақтылау) бойынша Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 74-НҚ нормативтік қаулысы мәселесінде мыналар анықтау керек:

1. Азаматты қамау мерзімі сотқа дейінгі тергеп-тексеру шараларын,

оның ішінде прокурор мен өзге де процесстік әрекеттерді орындаушылардың қызметін қамту керек. Сотқа дейінгі тергеп тексеру әрекеттерін қадағалау арқылы азаматты қамау мерзімін бақылауда ұстай аламыз.

2. Күдікті мен қорғаушыға, прокурорға және «өзге де қатысушыларға» тергеу судьясымен іспен танысудың «ақылға қонымды мерзімін» анықтау немесе іспен танысудың графигін анықтаумен азаматтың негізсіз қамалуына жол бермеуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Нургалинов Б.К., Жанузакова Л.Т. Роль Конституции Республики Казахстан в обеспечении стабильности и развитии казахстанского общества. Вестник Института законодательства и правовой информации РК. №2 (60) - 2020. 11-18 С. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-konstitutsii-respubliki-kazahstan-v-obespechenii-stabilnosti-i-razvitiya-kazahstanskogo-obshchestva/viewer> (қаралған күн 10.08.2025)
2. Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 26 маусымдағы КСЖ–3 жолдауы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2500000003> (қаралған күн 10.08.2025)
3. Сергей Ударцев. (судья Конституционного суда РК). Конституционный контроль – элемент правового государства. 30 августа 2024 г. <https://kazpravda.kz/n/konstitutsionnyy-kontrol-element-pravovogo-gosudarstva/> (қаралған күн 10.08.2025)
4. Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 74-НҚ нормативтік қаулысы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/872421?lang=kk> (қаралған күн 10.09.2025)
5. "Уголовно-процессуальный кодекс Российской Федерации" от 18.12.2001 N 174-ФЗ (ред. от 31.07.2025) (с изм. и доп., вступ. в силу с 01.09.2025) https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481/233c324b0107ea91b872bd3a99bb5cd565e34052/ (қаралған күн 10.09.2025)
6. ПОСТАНОВЛЕНИЕ от 16 июля 2015 г. N 23-П По делу о проверке конституционности положений частей третьей - седьмой статьи 109 и части третьей статьи 237 уголовно-процессуального кодекса российской федерации в связи с жалобой гражданина С.В. Махина. https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_183398/92d969e26a4326c5d02fa79b8f9cf4994ee5633b/#dst100062 (қаралған күн 10.09.2025)
7. Постановление Конституционного Суда РФ от 14.07.2011 N 16-П "По делу о проверке конституционности положений пункта 4 части первой статьи 24 и пункта 1 статьи 254 Уголовно-процессуального кодекса Российской Федерации в связи с жалобами граждан С.И. Александрова и Ю.Ф. Ващенко" https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_117281/?utm_source=chatgpt.com (қаралған күн 10.09.2025)

References

1. Nurgalimov B.K., Zhanuzakova L.T. Rol' Konstitutsii Respubliki Kazakhstan v obespechenii stabil'nosti i razvitiya kazakhstanskogo obshchestva. Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoy informatsii Respubliki Kazakhstan. № 2 (60) – 2020. S. 11–18. <https://cyberleninka.ru/article/n/rol-konstitutsii-respubliki-kazahstan-v-obespechenii-stabilnosti-i-razvitiya-kazahstanskogo-obshchestva/viewer> (qaralghan kun 10.08.2025)
2. Qazaqstan Respublikasındagı konstituciyalıq zandılıqtı jay-kuyi turalı Qazaqstan Respublikası Konstituciyalıq Sotının 2025 jılğı 26 mausımдағы KSJ–3 joldaı. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S2500000003> (qaralghan kun 10.08.2025)
3. Udarcev Sergey Aleksandrovich (sud'ya Konstitutsionnogo Suda Respubliki Kazakhstan). Konstitutsionnyy kontrol' yavlyayetsya elementom pravovogo gosudarstva. 30 avgusta 2024 g. <https://kazpravda.kz/n/konstitutsionnyy-kontrol-element-pravovogo-gosudarstva/>
4. Normativnoye postanovleniye Konstitutsionnogo Suda Respubliki Kazakhstan ot 18 iyulya 2025 g. № 74-NN. (qaralghan kun 10.08.2025) <https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/documents/details/872421?lang=kk>

5. «Ugolovno-protssessual'nyy kodeks Rossiyskoy Federatsii» ot 18.12.2001 g. № 174-FZ (red. ot 31.07.2025 g.) (qaralghan kun 10.09.2025)

https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34481/233c324b0107ea91b872bd3a99bb5cd565e34052/

6. POSTANOVLENIYe ot 16 iyulya 2015 g. № 23-P. Razdel o proverke konstitutsionnosti polozheniy chastey tret'yey – sed'moy stat'i 109 i chasti tret'yey stat'i 237 Ugolovno-protssessual'nogo kodeksa Rossiyskoy Federatsii v svyazi s zhaloboy grazhdanina S.V. Machinoy. (qaralghan kun 10.09.2025)

https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_183398/92d969e26a4326c5d02fa79b8f9cf4994ee5633b/#dst100062

7. Postanovleniye Konstitutsionnogo Suda Rossiyskoy Federatsii ot 14.07.2011 № 16-P «Delo o proverke konstitutsionnosti polozheniy chasti 4 chasti pervoy stat'i 24 i chasti 1 stat'i 254 Ugolovno-protssessual'nogo kodeksa Rossiyskoy Federatsii v svyazi s zhalobami grazhdan S.I. Aleksandrinoy i YU.F. Vashchenko» (qaralghan kun 10.09.2025)

https://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_117281/?utm_source=chatgpt.com

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Бақтыбеков Мұхтар Бақтыбекұлы–Alikhan Bokeikhan University мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі, 87753699927, e-mail: mukhtar-79@mail.ru.

Бақтыбеков Мухтар Бақтыбеков –старший преподаватель государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, магистр юриспруденции, 87753699927, e-mail: mukhtar-79@mail.ru.

Baktybekov Mukhtar Baktybekov - senior lecturer of state and legal disciplines at Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, 87753699927, mukhtar-79@mail.ru.

Матаева Майгүл Хафизовна - Alikhan Bokeikhan University мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасы профессоры, заң ғылымдарының докторы. 87771517010. e-mail: maigulm@mail.ru

Матаева Майгуль Хафизовна - профессор кафедры государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, доктор юридических наук. 87771517010. e-mail: maigulm@mail.ru

Mataeva Maigul Khafizovna - Professor of the Department of State Legal Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Doctor of Law. 87771517010. e-mail: maigulm@mail.ru

Остапович Игорь Юрьевич. В.Ф. Яковлев атындағы Урал мемлекеттік заң Университеті, заң ғылымдарының докторы. Ресей Федерациясы. . e-mail: ostapovich7@mail.ru

Остапович Игорь Юрьевич. Уральский государственный юридический университет имени В.Ф.Яковлева, доктор юридических наук. Российская Федерация. e-mail: ostapovich7@mail.ru

Ostapovich Igor Yurievich. Ural State Law University named after V.F. Yakovlev. Doctor of Law, Russian Federation. . e-mail: ostapovich7@mail.ru